

Баланы тәрбиелеуде отбасының рөлі

дайындап өткізген әдіскер: Ж.Қ.Сымтикова

“Баланы тәрбиелеуде отбасының рөлі” семинар

2 бөлімнен тұрады:

1- теориялық бөлім;

2- практикалық бөлім



Мәселесі: ата – аналардың ұрпақ тәрбиесіне немқұрайлы қарауының нәтижесіндегі бала бойындағы олқылықтар мен жағымсыз мінез – құлықтар;

Нысаны: баланы жас кезінен бастап сыйлап, қадір-қасиетін, ар-намысын бағалап, дұрыс сөйлеп, дұрыс қарам-қатынас жасауға үйрету жолы;

Мәселенің өзектілігі:

- адамның бақыты балада екенін ұғына отырып, отбасында баланы дұрыс тәрбиелеу;
- балалардың теріс тәрбиеге тез бой алдыру себептері;
- бала тәрбиесіндегі қағидалар

Зерттеу мақсаты:


- * ата-аналарға баланың ұяда не көрсе ұшқанда соны ілетінін ұғындыру;
- * бала тәрбиесіне көңіл бөліп, саналы азамат болып өсуіне жауапкершілікпен қарау;
- * отбасында бала бойына адамгершілік құндылықтарды дарытып тәрбиелеу әдіс-тәсілдерін қарастыру;

Зерттеу әдістері: ата-аналармен қарым-қатынас жасай отырып материал жинау, баспасөз беттеріне шолу жасау;



Кіріспе

Отбасы – адам үшін ең жақын әлеуметтік орта. Отбасы белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің мұралар мен салт-дәстүрлердің сақтаушысы. Отбасында бала алғаш рет өмірмен, қоршаған ортамен танысып, мінез-құлық нормаларын игереді. Отбасы баланың азамат болып өсуінің негізі болып табылады.



- Ата мен ана - бала тәрбиесінің қамқоршысы, өнегесі. Қазақстан Республикасы Ата Заңының 27-бап, 2-тармағында "Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу - ата - ананың табиғи құқығы, әрі парызы" делінсе, "Қазақстан -2030" бағдарламасында "Әкелер мен аналардың, аталар мен әжелердің өз балалары мен немерелері алдындағы жауапкершілігін күнделікті есте ұстауға тиіспіз. Біз өз балаларымыз бен немерелерімізді сонау алыс болашақта, олар біздің жасымызға жеткен кезде қандай күйде көргіміз келеді..." делініп, ұрпақ тағдыры айтылады.





- Бала тәрбиесінде отбасының орны ерекше. Отбасының негізі баланы өмірге келтіру ғана емес, оған мәдени - әлеуметтік ортаның құндылығын қабылдату, ұрпақтың, ата-бабалардың, ұлылардың ақыл-кеңес тәжірибесін бойына сіңіру, қоршаған орта, адамзатқа, өз қоғамына пайдалы етіп тәрбиелеу. Бала дүниеге келген күннен бастап ата-ананың ықпалында болып, өмірге бағыт беруші тәрбие мектебінен нәр алады.

- **"Қатты тәртіп көрсе бала күнінде,
Өнерімен қуантады түбінде.
Бала нені білсе жастан, ұядан –
Өле-өлгенше соны таныр қиядан.
Өнер - білім берем десең басынан,
Бер оқуға балаларды жасынан,
Ата - анадан өсіп ұрпақ тараған,
Жақсы-жаман болса, бала – соларда", -**
деп, ХІ ғасырда Жүсіп Баласағұн айтқандай,
ата-аналар балаларының жеке
ерекшеліктерін жас күннен танып, соған
қарай бағыт - бағдар, тәрбие берудің
маңызы ерекше. Ата-ана балаларына
жақсы тәрбие беруде қоғам алдында
жауапты. Ата-ана бала тәрбиесіне ерекше
мән беруі қажет. Ана – бала тәрбиесіндегі
ерекше тұлға.

Өз отбасындағы

- ата - ананың үгіт – насихаты;
- үлгі - өнегесі;
- үйдегі ахуал;
- отбасының психологиялық тынысы;
- ата – ананың тәрбиелік бағыт-бағдар беруі;
- әр түрлі жағдайлар болған кезде оларды шешу жолдарын таңдай білу;

осы мәселелер арқылы әрбір баланың

- **әдеті;**
- **мінез-құлқы;**
- **жақсы-жаманды бағалай алуы;**
- **әділдік пен адалдықты ажырата білуі;**

Ата-ананың бала тәрбиесінде жіберген қателіктерінен шығатын нәтиже

Іс - әрекет	Нәтижесі
Баланың қуанышы, күйзелісі, қайғысы секілді ішкі жан дүниесіндегі толқыныстарды көре тұра оны байқамау...	Балаға қамқорлық пен бақылаудың жетіспеушілігі

Іс - әрекет

Нәтижесі

Қазымырлық пен көзден
бір елі таса қылмай
бақылау,
әсіреқамқорлық...

Бала өсе келе еркіндікті
қатты аңсайды, оған қолы
жеткен кезден бастап
жүгенсіз кетіп әр түрлі
жағымсыз жағдайларға
ұшырайды.

Баланың жүріс-ұрысын
мүлде бақылаусыз
қалдыру, кетірген
қателіктеріне
ескертулердің
болмауы...

Баланы тиымсыздық,
тойымсыздық, ызақорлық
пен алаңғасарлық,
қанағатсыздыққа, тез
сынып қалатын
жігерсіздікке соқтырады.

Іс - әрекет	Нәтижесі
<p data-bbox="150 201 996 444">Ауруын, әлсіздігін сылтауратып ата-анаға дегенін істеу...</p>	<p data-bbox="1049 201 1895 529">Өзімшілдік, тәкәпарлық, бағасын арттыру секілді қылықтардың қалыптасуына соқтырады.</p>
<p data-bbox="150 686 761 929">Ата-ананың балаға мүлдем көңіл аудармауы...</p>	<p data-bbox="1049 672 1846 1172">Баланың өзін қажетсіз сезінуі, ешкімге керек емес екенін түйсініп, тұрлаусыз, секм алғыш секілді жүйке әлсіздігіне соқтырады.</p>

Іс - әрекет	Нәтижесі
<p>Отбасындағы қаталдық, ата-ана өзара қарым-қатынасындағы, олардың балаларға қатынасындағы қаталдық рақымсыздық пен қатігездікке, жоқтан өзгені сылтауратып әлімжеттік жасау...</p>	<p>Баланың ынжық, өз ойын ашық айта алмайтын қорқақ болуына әкеп соқтырады.</p>

Іс - әрекет	Нәтижесі
<p>Балаға әлі жетпейтін міндеттер жүктеп, одан ерекше үміт күту...</p>	<p>Баланың сағын сындырып, кінәмшілдік, өзіне сенімсіздік тудырады. Себебі ол ата-анасы күткен үмітті ақтай алмаймын-ау деген қорқынышта болып, шамасы келмейтініне көзі жетіп, өзін нашар сезінеді.</p>

Іс - әрекет	Нәтижесі
<p>Тәрбиедегі қарама-қайшылық: әкесі бір сөз айтса, шешесі оған қарсы бір іс айтса, мұғалім олардың екеуін де жоққа шығарса...</p>	<p>Бала кімнің тілін аларын білмей кімдікі дұрыс, кімнің айтқаны бұрыс екенін ажырата алмай, ешкімнің ақылын тыңдамайтын, ересектердің ой-пікірімен санаспайтын тоңмойын, тілазар болып өседі</p>

Әдістер	Мазмұндық көрсеткіштер	Нәтижелері
2 Ықпал ету арқылы тежеу	Ата-ананың балаға дегенін күштеп істеуі, қақпайлау, үстемдік пиғылын көрсету, беделімен басыну, санаспау	Тартыншақ, қорқақ, қулық, ырықсыз, өтірік, жігерсіз, жалтақ.

	Әдістер	Мазмұндық көрсеткіштер	Нәтижелері
3	Ықпал ету арқылы қуаныш сезімін ояту	Орынды мақтау, мадақтау, көңілін көтеру, демалысын ұйымдастыру, керекті деңгейде қажетін өтеу	Көңілі өсіп марқаяды, батырлық, өзіне сенімі, өмірге құштарлығы, қабілеттері ашылады.

	Әдістер	Мазмұндық көрсеткіштер	Нәтижелері
4	Теріс әрекетке түрткі болатын әдістер	Баланың ырқына көну, еркелету, балаға мән бермеу, бақылаусыз қалдыру, жәбірлеу, зекіп ұрысу, орынсыз кінәлау, алдау, мазақ ету, нашар үлгі көрсету.	Қырсық, өзімшіл, жалқау, рақымсыз, ұқыпсыз, ынтасыз, озбыр, бірбеткей, қатыгез.

**Педагогикалық кеңестің
2 бөлімі практикалық
жұмыс**

Ойланайық , пікірлесейік

* Қазіргі күндегі патриоттық тәрбие қаншалықты жүзеге асырылуда?

* “Баланы жастан” деген нақыл сөзді қалай түсіндіріп бере аласыздар?

* Қазіргі күнде халық педагогикасын бала тәрбиесінде алатын орны және қаншалықты қалай жүзеге асырудамыз?

Ұлағатты сөздер

Қызы анадан үйренбей өнеге алмас,
Ұл атадан үйренбей сапар шекпес.

Қорқыт ата

Отан отбасынан басталады.

В .А.

Сухомлинский

Ұлт болам десең бесігіңді түзе

М.Әуезов

Әке – асқар тау,

Ана – ағып жатқан бұлақ

Бала – жағадағы құрақ

Халық мақалы

● Тыныштық сәті

Құрметті пед.кеңеске қатысушылар,
денелеріңді түзу ұстап, бастарыңды жоғары
көтеріп,ыңғайланып отырыңдар.

Көздеріңді жұмсаңыздар да болады. Ауаны
терең жұтып, еркін тыныс алыңыздар.

Өздеріңнің тыныс алуларыңды
бақытқа, махаббат пен тыныштыққа толы,
шипалы ауаның тұла бойларыңызға
толғанын сезіңдер.

Ананың сүюі.

Ы.Алтынсарин

Кім сендерді балалар сүйетұғын,
Қуанышыңа қуанып, қайғыңа күйетұғын.
Түн ұйқысын төрт бөліп, кірпік қақпай,
Шеңең байғұс дамылсыз жүретұғын.

Кім сендерді балалар тербететін,
Еркелетіп, ойнатып, сергітетін?
Жалқау болсаң, балалар, жаман болсаң,
Қамқор анаң көз жасын көлдететін.

Кім сендерді сағынар шетке кетсең,
Ғылым іздеп, тез қайтпай, көпке кетсең.
Ұмытпа, ең кемінде жұлдыз сайын,
Хат жазып тұр, төбесі көкке жетсін.

Кім сағынар сендерді келгеніңше,
Құлындарын көзімен көргеніңше?
Сендер қайтып келгенде адам болып,
Еш арманым болмас дер өле өлгенше.

- Ал енді көздеріңді ашыңдар. Тыныштық сәт аяқталды қандай сезімде болдыңыздар ой-пікірлеріңізді берсеңіздер .


Назарда ұста!!!

Кабуснамеден

Ей, перзентім, ата-анаңды ешқашан ренжітуші болма...

Олардың көңіл күйіне қаяу салып, қапаландырма.

Сені жан-тәнімен жақсы көріп, тәрбиелеп жүрген ата-ананың көңілін қалдыратын іс жасасаң, сен ешқашан да жақсылыққа лайықты жан емессің, өйткені кімде кім ата-ананың жақсылығын білмесе, басқа біреудің жақсылығын да бағаламайды. Егер сен, өз перзентім құрмет қылсын десең, сен де ата-анаңды құрметте, сен ата-анаңа не істесең, саған перзентің де соңы жасайды. Перзент-жеміске, ата-ана-жеміс ағашына ұқсайды. Жеміс ағашын жақсы күтсең, жемісі де дәмді, жақсы болады. Сол сияқты ата-анаға деген ізгі тілегі қабыл болғаны.

A photograph of a family of three walking away from the camera on a sandy beach. The father is on the left, wearing a white long-sleeved shirt and shorts. The mother is on the right, wearing a light green t-shirt and white pants. A young child is in the middle, wearing a white t-shirt and blue shorts. They are all holding hands. The background shows the ocean with waves and a sunset sky.

Қорытынды:Отбасы - шағын мемлекет. Сондықтан одан берілетін тәрбие мен әдет-ғұрып, дәстүрдің сақталуы ерекше мәнге ие.

Назарларыңызға рахмет!